



# Ақмешіт

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### САРАПТАМА

Ауғанстан жерін Талибандар (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) басып алғаннан кейін жұрттың алаңдап қалғаны рас. Ендігі жағдай не болмақ? Қазақстан билігі қандай саясат ұстанады? Міне, осы сыйды басқа да сауал көптің көкейінде жүр. Тіпті әлеуметтік желіде сол елден қашып келген босқындарды қабылдайды деген ақпарат та бар. Тәліптердің билікке келуінен Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы байланыс өзгере ме?

## ҚАЗАҚСТАН-АУҒАНСТАН: Екі ел арасында не өзгеруі мүмкін?



Көпшілікті алаңдатқан мәселенің бірі – Ауғанстандағы елшілік жұмысы болатын. Қазақстан елшілігі ол жақтағы жұмысын тоқтатпайды екен. Бұл туралы 18 тамызда ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров мәлім етті. «Қазақстан аумағындағы Ауғанстан азаматтары еліне оралуға қатысты сұраққа жауапты елордадағы өз елшіліктерінен біле алады. Азаматтар жүргізілген жағдайда Қазақстандағы Ауғанстан елшілігі мәселені біздің құзырлы органдармен бірлесіп қарастырады. Ал Қазақстан аумағында ресми қызмет етіп немесе білім алып жатқан ауған азаматтары жұмысы мен оқуын жалғастыра береді», – деді ол.

2 БЕТТЕ

### ЕГІН-2021

## КҮРІШКЕ ОРАҚ САЛАР КҮН ЖАҚЫН

Сыр күріші – ел ырысы. Ақмешіттің «Ақмаржаны» әлемге әйгілі. Біздің бренд болған осы өнімді бүгінде бүкіл ел тұтынады десек, артық айтқандық емес. Өне-міне дегенше күз мезгілі де келіп жетті. Ендеше егіс жинайтын ерекше сәт күн сайын жақындап келеді. Дикандардың жаз бойғы төккен тер, еткен еңбегі таразыға түсетін уақыт та жетті.



Биыл Қызылорда қаласына қарасты ауыл шаруашылығы құрылымдары бойынша 8905 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде 4113 га күріші, 2818 га көкөніс, картоп, бақша дақылдары, 1278 га мал азықтық дақылдары, 656 га дөңді дақылдар және 40 га майлы дақылдар орналастырылды. Мамандардың айтуынша, күзгі егін жинау жұмыстарына 80 дана трактор, 29 дана комбайн, 23 дана жатқа, 5 дана жүк көлігі және 21 дана трактор тіркемесі толығымен жөндеуден өткізіліп, күзгі егін жинау науқанына сақадай сай тұр. Сонымен қатар 1033 гектар жерге ескі жоңышқа 245 гектар жерге жаңа жоңышқа дақылдарынан барлығы 3196 тонна жоңышқа жиналды. Сондай-ақ күздік бидайдың 100 гектары толығымен орылып, одан 90 тонна өнім қамбаға құйылды. 424 гектар жаздық бидайдың 290 гектары орылып, одан 203 тонна өнім жиналды.

– Қазіргі таңда қала бойынша егілген картоп, көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінге дейін егілген 500 гектар картоптың 200 гектары жиналып 2560 тонна өнім яғни орташа өнім 128 ц/га құрайды. 1328 гектар көкөністің 970 гектары жиналды. 990 гектар бақша дақылдың 620 гектары толығымен қамбаға жиналып алынды. Егін жинау жұмыстары әлі де жалғасуда. Қала бойынша егілген күріштің даму фазасы 313 гектары гүлдену, 2600 гектары сүтті пісу және 1200 гектары балауыз пісу фазасына өтті. Қазіргі таңда күріштің жағдайы

65 пайызы жақсы, 25 пайызы қанағаттанарлық және 10 пайызы нашар дамыған болып бағаланып отыр. Алдын ала жасалған кестелер бойынша егілген 4113 гектар күріш алқабының 1750 гектарының суы байланды. Су байлау жұмыстары 30 тамызға дейін жүргізілсе, күріш жинау жұмыстары 26 тамыздан бастап саралап ору, жаппай ору 5 қыркүйектен басталып 30 қыркүйекке дейін аяқталады деп жоспарлануда, – дейді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дәулетбек Адрасулов.

Аймағымыздағы іргелі шаруашылықтың бірі «Абай Дәулет» ЖШС көп жылдардан бері күріш егумен айналысып келеді. Өнімнің осы түрімен кеңінен қамтамасыз етіп отырған мекеменің көп жылғы тәжірибесі Сыр өнімінің дақын асырып тұр. Осы орайда «Абай Дәулет» ЖШС-на қарасты «Бесарық» шаруа қожалығының басшысы Мақсат Шамшатұлының да пікірін білген болатынбыз.

– Биыл «Бесарық» шаруа қожалығында барлығы 546 гектар күріш егілді. Күрішке минералды тыңайтқыштар себіліп, сулары байлануда. Алғашқы орақ қыркүйек айының 5-нен бастап түседі деп күтіп отырмыз. Жыл сайынғы дәстүрге сай биыл да бұйырса әр гектардан 75 центнерден өнім аламыз деген жоспарымыз бар. Жасыратыны жоқ, биыл судың жетіспеушілігі қиындық туғызған болатын. Алайда арнайы су сорғыш насостарын қойып, егіс алқабының күш алып кетуіне жол аштық. Нәтижесі жаман емес. Елдің несібесі молынан болуына тілекшіміз, – дейді «Бесарық» шаруа қожалығының төрағасы Мақсат Биболотов.

Иә, Сырдың сары алтындай күріші күллі қазақтың маңдайына біткен бақ іспетті. Жаз бойы су астында тұратын өнім үлкен баптауды қажет етеді. Біздің өңірде көшеттеп күріш егуді де қолға алып жатыр. Бұл да өнімге жаңаша серпін беріп, жол ашады деп есептейміз.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

### БҮГІНГІ САНДА:

ҒАЛЫМҒА  
КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ 3

ІНДЕТ АЛҚЫМНАН АЛСА ДА  
ТОЙ АЗАЯР ЕМЕС 4

### ДЕНСАУЛЫҚ

Осы жылдың 1-ақпанынан бастап 18 жастан асқандарға елімізде коронавирусқа қарсы вакцина салына бастады. Халыққа екпе салғаннан бастап, ел арасында түрлі алып-қашпа әңгімелер көбейіп кетті. Бірі шындыққа жанасса, енді бірі тіпті адам сенгісіз.



Мәселен, еліміздегі Алматы және Тараз қаласындағы бала көтере алмаған онға жуық келіншек вакцина салғызған соң, аяғы ауыр болғанын айтуда. Олардың арасында 20 жылдан астам уақыт бала көтере алмай жүргені де бар. Бірі дәрінің бір дозасын алып, тағы екеуі екпенің қос компонентін қабылдағаннан кейін бала көтергенін растаған. Сонда індетке қарсы екпенің осындай ерекше әсері бар ма? Әлде бұл жай ғана сәйкестік пе? Оны дәл қазір анықтау қиынға соғады. Өйткені жүкті келіншекті толық медициналық тексеруден өткізе алмайды.

4 БЕТТЕ

### МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Қыстың қамын жазда ойла» демекші, жылу беру маусымына дайындық тамыздан басталады. Ескірген құбыр, тозығы жеткен құрылғыларды ауыстырар тиімді кезең де осы мезгіл. Сондықтан сала мамандары қыс мезгілінде үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін ерте іске көшуі керек. Биыл да бұл үрдіс жалғасын тауып, шаһардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары жүзеге асуда.

## ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жалпы қала бойынша алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары толыққанды шешім табуға жақын. Тіпті алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмысын ұйымдастыру үшін арнайы қалалық штаб құрылып, дайындық жұмысын жүйелі жүргізуге көшкен. Барлық іс-шара бекітілген кестеге сәйкес жоспарлы түрде жүзеге асып, жіті қадағалануда. Оған қоса қала әкімі Ғанибек Қазанғаев та аталған жұмыстардың кедергісіз, дер кезінде орындалуын бақылауға алғанын айтқан болатын.

Бүгінде қала бойынша барлығы 815 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде 711-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған болса, 104 үй автономдық блокты модульдік қазандықтар арқылы жылытылады. Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерді жылумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 4 серіктестік және 13 пәтер иелері кооперативі жұмыс істеуде. Қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлердегі ақауларды ретке келтіру, өжіре ішіндегі тозығы жеткен жылу құбырларын және вентиляторларды ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

– Бөлім тарапынан көпқабатты тұрғын үйлердің дайындық барысына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде қала бойынша проблемалық көпқабатты тұрғын үйлер анықталды. Ақау анықталған көпқабатты тұрғын үйлер бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Барлық үйлердің пәтерішілік жөндеу жұмысы



жылу маусымына дейін толық аяқталып, уақытылы қосылатын болады. Жеке кәсіпкерлер ЖК «БЕК», ЖК «Қарымсақов», «Олжас-2005» ЖШС және «ТЭК Қазақстан» ЖШС қаланы қатты отын қорымен қамтамасыз ету бойынша көмір тасымалдаумен айналысады. Биылғы жылу беру маусымы кезеңінде Қызылорда қаласына қажет етілетін қатты отын көлемі шамамен 37000 тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда тұрғындарға қажетті көмірдің 7 мың тоннасы жеткізілді, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ауыштар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Б.Далабаев.

Айта кетейік, бұған дейін қала әкімі сала мамандарына шаһар аумағындағы әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығын тиімді үйлестіріп, қадағалауға тапсырма берген еді. Сондай-ақ қатты және сұйық отынның тұрғындарға дегендігі, тікелей отын тасымалдаушы кәсіпкерлерден жеткізілуін және елді мекендерге де қатты отын тапшылығын орын алмауын қатаң бақылауға алу керек екенін те айтқан болатын. Сондықтан өткен жылы орын алған ескі құбырлардың жарылуы, кей тұрғын үйдің жылуысыз қалуы, әсіресе сол жағалаудан бой көтерген тұрғын үйлердегі оқпалықтар биылғы жылу маусымында ескерілері анық.

Е.БАЛТАБЕКУЛЫ

## ВАКЦИНАНЫҢ СЫРЫ МЕН ЖЫРЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖАРҚЫН ІСТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қала кәсіпкерлері белсенді қала әкімі Ғанибек Қазантаев «Темір жол» саябағында жергілікті кәсіпкерлермен кездесті. Кездесу барысында Қызылорда қаласында кәсіпкерлікті дамыту, жер мәселесі және бизнес-ахуалды жақсарту талқыға салынды.



Қызылорда қаласының саулеттік келбеті, оның ішінде бас жоспарға сәйкес кәсіпкерлерге ұсынылатын жер учаскелерінің қоры, жер учаскелерін кәсіпкерлерге ұсыну тәртібі, сондай-ақ кәсіпкерлер үшін көрсетілетін мемлекеттік қолдаулар жөнінде тиісті сала басшылары тарапынан баяндама жасалды.

Қалада кәсіпкерлікті дамыту бағытында қабылданған шаралар нәтижесінде осы көрсеткіштері қалыптасып келеді.



Қала кәсіпкерлерінің сұранысына сәйкес, жерді жалға алу немесе сату жөнінде өткізілген аукциондардың нәтижесінде биыл 54 кәсіпкерлік субъектіге 26 мың 038 шаршы метр жер учаскесі берілді.

Бұл жұмыстардың жалғасы ретінде, жергілікті кәсіпкерлерді қолдау мақсатында қала аумағында орналасқан тұрғын аудандар мен жанадан ашылған тұрғын аудандардан шағын базарлар, қызмет көрсету бағытында шаптараз, монша, дөріхан, наубайхана секілді басқа да кәсіп түрлерін ашу үшін жер телімдері ұсынылуда.

Бұдан бөлек ауылшаруашылығы жануарларын жем-шөппен, егіс алқаптарына дән дақылдарды егіп, халықты ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету, мал шаруашылығы үшін жайылымдық жер учаскелерін кәсіпкерлерге ұсыну мәселесі қаралды.

Қала әкімдігі ұсынған жер учаскесінің біріне «КЗО ЕТ» жеке кәсіпкерлігі мал базарын салуға қызығушылық танытты.

Қала басшысы жастарды кәсіпкерлікке тарту және жастарды қолдау қазіргі таңда маңызды мәселенің бірі екенін айтып, Ресей Федерациясындағы жоғарғы оқу орындарын бітіріп келген жастарды, қаламызда кәсіптік және техникалық колледждердің бітіруші түлектерін, «Серпін – 2050» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқу орындарын бітірген жастарды жұмысқа орналастыруға, кәсіпкерлікке тарту бағыттарында қолдау көрсетуге шақырды.

Сонымен қатар жас кәсіпкерлерге бағыт-бағдар беру мақсатында қала әкімдігіне қарасты бөлімдерге аптасына екі мәрте ашық есік күнін ұйымдастыруды тапсырды.

Кездесу соңында қала әкімі кәсіпкерлермен жиі кездесіп, әр кездесуде берілген тапсырмалар нәтижесін талқыға салатынын жеткізді.

## ЕСКІ ҮЙЛЕР ДЕ ЕСКЕРІЛМЕК

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев кәріз жүйесіне байланысты туындаған мәселелер бойынша бірқатар мекен жайда болып, сала басшыларына кәріз жүйесі жұмысын жүйелеу жөнінде тапсырмалар жүктеді.



Бегім ана көшесі №17, Панфилов көшесі №31 «А» көпқабатты тұрғын үйдің тұрғындарының шағымын қаперге алған қала әкімі сала басшыларынан жағдайды тез арада қалпына келтіруді талап етті.

Осы ретте қала әкімі тұрғын үйлерде туындаған мәселерді шешу үшін аптасына бір рет тұрғын үйлерді тұрақты аралайтындығын жеткізді.

Қазіргі таңда, кәріз су құбырларын қайта жаңғырту бағытында Қызылорда қаласында екі жоба жүзеге асырылуда. Мәселен, Нұрмақов, Сүлейменов көшелері бойынша №12 «Червякова» кәріз сорғы станциясына дейінгі аралықта құятын өздігінен ағатын кәріз су құбыры (диаметрі 315 мм, ұзындығы L-201 метр) жөндеуден өтуде. Аталған жұмыстарды мердігер мекеме «Арда Құрылыс» ЖШС жүзеге асыруда.

Сонымен қатар Скатков – Шүкіров көшелері қиылысынан №14 «Универсам» кәріз насос станциясына құятын өздігінен ағатын (диаметрі 400 мм, ұзындығы L-180 метр) кәріз су құбырының ағымдағы күрделі жөндеу жұмыстары «Қызылорда су жүйесі» МКК-н 2021 жылғы инвестициялық бағдарламасы аясында жоспарға енгізіліп, жүзеге асырылмақ.

Құрылыс жұмыстарының нәтижесінде 2200-ден аса абоненттің кәріз жүйесіндегі мәселелерінің шешімі табылмақ.

Айта кету керек, Қызылорда қаласында 65 сорғы станциясы бар. Оның 23-і өткен жылы «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында қайта жаңғыртудан өтті.

«Ақмешіт-ақпарат»

Сонымен қатар Отандық елшілік тәліптермен де келіссөз жүргізгендей. Себебі олардан талибан өкілдері «Сендер кімсіңдер?» деген сауал қойып, қызметтерін анықтаған. «Саяси тұрғыда келісім болған жоқ. Кабулдағы елшілігіміздің мәліметі бойынша, тәліптер Кабулды басып алған кезде, олар біздің елшілік орналасқан аймаққа кірген. Ол кезде елшіліктің күзеті болмаған. Осы сәтте елші тәліптермен сөйлесуге шыққан. Олар «Сендер кімсіңдер? Қандай елшілік?» деп сұрапты. Біз бұл Қазақстанның елшілігі екенін айттық. Олар «Ештененен қорықпай жұмыс істей беріңдер. Сендер біздің қорғауымыздасыңдар» деді. Өзірге тек осы деңгейде байланыстар болды», – деді Ақан Рахметуллин ОКК онлайн брифингінде.

Бірақ бұл Қазақстан талибан ұйымын қолдайды және алдағы уақытта бірге жұмыс істейді дегенді білдірмейді-мыс. Бұл туралы 20 тамызда орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ақан Рахметуллин Қазақстанның ауған еліндегі жағдайға қатысты ұстанымын айтты. «Біз Талибанды мойындаған жоқпыз. Күні кеше сыртқы істер министрлігі Ауғанстандағы жағдайға қатысты мәлімдеме жасады. Біз осы елдегі жағдайды жіті бақылап отырымыз», – деді Рахметуллин орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифингте.

Осы орайда вице-министр Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мәлімдемесін де қолдайтынын еске салды. Ол құжатта ауған жерінде инклюзивті және өкілдік үкімет құру, аз ұлттар мен әйелдердің құқықтарын құрметтеу, басқа мемлекеттерге қауіп төндіретін топтардың болуына жол бермеу мен халықаралық құқықты сақтау туралы жазылған.

«Қазіргі кезде барлығы жағдайды бақылап отыр. Ұйымның айтқан сөздері іс-әрекетіне қаншалықты сай болады, көп нәрсені соған байланысты болып тұр. Кабулдағы Талибан – бұл өмір шындығы, осы шындықпен жұмыс істеу керек. Бірақ Талибанмен саяси немесе басқа бір деңгейде ешқандай байланыс болған жоқ», – деп атап өтті Рахметуллин.

Сондай-ақ желіде 1000 босқынды елге алып келу туралы желдей ескен құжаттың суреті де жүр. Бұл құжаттың негізгі мақсатын төтенше жағдайлар министрлігі түсіндіріп берді. Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері «босқындарды орналастыратын орындар туралы ақпарат беруі тиіс» делінген құжаттың дайындық жұмыстарына арналғанын айтты.

Егер біз басқа елдерден сұраныс алсақ және мемлекет басшылары деңгейінде бұл елге көмек көрсету туралы шешім қабылданатын болса, онда ТЖМ оларды қабылдауға дайын болуы керек.

Басы 1-бетте

## БАҚЫЛАУ – САПА КЕПІЛІ

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Қызылорда қаласының Ж.Махамбетов ауылындағы №268 орта мектебі жанынан салынып жатқан 200 орындық қосымша құрылыс жұмыстарына мониторинг жасады.



№268 орта мектепте бұған дейін балалар 3 ауысымда оқып келген. Осы кемшілікті жою мақсатында жергілікті бюджеттен 381 205,3 мың теңге қаржы бөлініп, мектеп жанынан 3 қабатты 200 орындық қосымша білім беру нысаны салынуда. Сәуір айында басталған құрылыс жұмысының бүгінде 80 процентінен астамы аяқталған. Мердігерлер келісімге сәйкес қыркүйек айының соңында тапсыруды жоспарлауда.

Мониторинг барысында кемшіліктер анықталған жоқ. Алайда комиссия мүшелері мердігерлерге қаржыны тиімді, мақсатты жұмсап, құрылыс жұмыстарын мерзімінде аяқтауды тапсырды.

А.ОЛЖАБАЙ



# ҚАЗАҚСТАН-АУҒАНСТАН: Екі ел арасында не өзгеруі мүмкін?



Бұл сол жоспарланған жұмысты орындауға бағытталған дайындық. Мұны Ауғанстаннан келетін босқындарды қабылдауға дайындық ретінде қабылдауға болмайды, – деді төтенше жағдайлар министрлігінің ресми өкілі Талғат Уәли.

Демалыс күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облы-

сындағы Жауынгерлік және Әдістемелік дайындық орталығында өткен «Қайсар-2021» жедел-тактикалық оқу-жаттығуларына барды. Өз сөзінде ол Ауғанстандағы жағдайға байланысты пікір білдірді. Президент қарулы күштердің қандай жағдайға да дайын болуы керекін айтты.

Халықаралық ахуалдың шиеленісуі жағдайында біздің күштік құрылымдар мейлінше ұтқыр болуға тиіс. Ауғанстандағы жағдайға байланысты қоғамда алаңдаушылық артып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл оқиғалар Қазақстанға тікелей қауіп төндірмейді. Алайда белгілі бір дәрежеде қатері бар. Сондықтан біз жағдайды мұқият бақылап, кез келген сын-қатерге лайықты жауап беруге дайын болуымыз керек, – деді Қазақстан Президенті.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Алматыдан Ауғанстанға апаратын әуе дәлізін ашықсы келеді екен. Ауғанстанға көмек көрсету жөніндегі миссиясының арнайы өкілі

және басшысы Дебора Лайонс миссия қызметкерлері Алматыдан Кабулға қалай қатынауы мүмкін екенін айтты.

Біз Алматыдан Ауғанстанға тікелей рейс жасау үшін келісімшарт жасай аламыз. Бірақ қазір бұл мүмкін емес. Дегенмен халықаралық қызметкерлеріміз Ауғанстанға ұшып, бір-бірін ауыстырып отыруы үшін алдағы айларда осындай дәліз құра аламыз деп үміттенеміз. Бұл бізге Ауғанстандағы жұмысымызды жалғастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, қызметкерлерді алмастырып отыра берік, – деді Дебора Лайонс орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Қысқасы, алдағы уақытта екі ел арасындағы байланыстың қандай болатынын әзірге белгісіз. Дегенмен Қазақстан барлық жағынан да дайындық жұмыстарын жүргізіп, кез келген жағдайда жұмыс істей алатынын да көрсеткендей. Елшілік қандай жағдай болсын жұмысын жалғастыруда, әскерилер ел тыныштығын күзетуде, БҰҰ-мен де жұмыс жасалуда.

А.НУРАҒАЛИ

### #qazaqstan30

Облыс орталығында орналасқан Достық үйінің мәжіліс залында Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен этножурналистика саласындағы облыстық «Шаңырақ» шығармашылық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Жүлдегерлерді облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директорының міндетін атқарушы Фархат Әбдібағдатұлы марапаттап, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне этносаралық татулық пен бірліктің нығайтуына қосқан елеулі еңбектері үшін ризашылығын білдірді.

## БІРЛІКТІ АРҚАУ ЕТКЕН БАЙҚАУ



Жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен барлық өңірде ел бірлігін сақтау жолында, ауызбіршілікті одан әрі дамыту ниетінде кеңінен қалам тербеп жүрген ақпарат құралдарының өкілдері арасында дәстүрлі түрде шығармашылық байқаулар өткізіліп келеді.

Бұл жолғы байқаудың мақсаты – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай елдегі татулық пен бірліктің беріктігін насихаттау, этносаралық қатынастар тақырыбын жазып, көрсететін журналистерді ынталандыру арқылы елдегі қоғамдық келісімді нығайту болып табылады. Осы жылдың 1 наурызынан бастап байқауға бірнеше өтінім келіп түсті. Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық телеарна мен баспасөзден 17 өтінім қабылданып, қаралды. Қазылар алқасының төрағасы облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабадинов, құрамында белді де беделді, өз саласының білгірлері «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев, Журналистер мен сарапшылар клубының төрайымы, Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Елена Рыбина және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы Ақерке Жолмаханова болып, барлық шығармашылық жұмыстарды қарап, саралап тиісті бағаларын қойды.

Б.ШАҒЫРОВ

## АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА



Тарих тiнiн тарқатсақ, талай тектi тұлғамыздың туған елiнiң ертеңi жолында ерлiкке пара-пар еңбек сiңiргенiн бiлемiз. Ол уақыт өте келе өз жемiсiн берерi хак және берiп те келедi. Бүгiн Қызылорда атауын ойлап тапқан қайраткер – Қоңырқожа Қожықов жайлы сөз ететiн боламыз.

Бiз бүгiн сөз еткелi отырған Қоңырқожа Қожықов 1880 жылы бұрынғы Ақмешiт, Перовск, қазiргi Қызылорда қаласы түбiндегi Қоғалықол ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан сауат ашқан жас болашақ қоғам қайраткерi Ташкентке оқуға түседi. Осында оқуын бiтiрiп шығып, ағартушылық қызметiне кiреседi. Алғашқы еңбек жолын Перовскте темiржол жұмысшылары мектебiнде шәкiрт тәрбиелеуден бастап, мектеп директорлығына дейiн көтерiлiп, абыройлы қызмет атқарады.

Ол өзi шығарған «Әлiппе» кiтабында араб-парсы әлiпбиiндегi әрiптермен әр қазақы дыбысты жеке әрiппен белгiлеу жолын ұсынады. Бiр дыбысты бiр әрiппен таңбалау әдiстерiн мысалдармен жүйелеп көрсетедi. Өзi ұсынып отырған осы «қазақ әлiппесiнен соң құран әлiппесiн оқыса», балалардың «басылымдар жазуын тану» мүмкiндiгi артаынын айтады.

1917 жылы Ташкент қаласында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезiнде съезд төралқасына сайланып, құрылтай жиналысына Сырдария облысынан депутаттыққа ұсынылып,

халық кеңесiнiң құрамына сайланады. Түркістан өлкесiндегi Алаш қозғалысының өкiлi ретiнде Сырдария қазақтарының съезiне қатысып, онда қабылданған шешiмдерге елеулi ықпал жасайды. Кеңестiк билiк тұсында бiрнеше рет Тұрқатком мүшелiгiне сайланып, республикалық жерге орналастыру басқармасы басшыларының бiрi ретiнде Жетiсудағы жер-су реформасына басшылық та жасайды. Өлкедегi «Қосшы» одағын ұйымдастырушыларының бiрi болды. 1918 жылы қарашада Ташкент қаласында тұңғыш қырғыз педагогикалық курсы ашылып, Перовскте Қоңырқожа Қожықов оқатушылыққа

ұлттық құндылықтардың арасынан ең ұтымды деп таңдалған ымыралық шешiм болды. Сол сәтте коммунистiк қоғамның айнымас рөмiзiне айналған қызыл түстi кеңестiк идеология насихат құралы ретiнде кеңiнен пайдаланды. Жана қоғамның жетiстiгi, жер-су, елдi мекен мен көшелер атауына ауысып, дәстүрлi қоғамның құндылықтарына қарсы қойыла бастаған кез едi. Осындай алмағайым тұста Қызылорда атауына да қатысты мәселе жiнi көтерiлдi. Қала атын өзгертудi ұсынушылар большевиктiк билiктiң символына айналған «қызыл» ұғымына үрке қарады. Олар «Қызыл империяның бодандығынан құтылдык.

«1925 жылы Түркістан АКСР-i тарап, елiмiздiң оңтүстiк аймақтары Қырғыз (Қазақ) АКСР-iнiң құрамына ендi. Сол жылы көктемде Қоңырқожа Қожықов жана астана Ақмешiт қаласында елiмiздiң бүкiл еңбекшiлерi өкiлдерiнiң басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерiнiң бес күнге созылған V съезiне қатысып, Ақмешiттi Қызылорда деп өзгертуге тiкелей ықпал жасайды. Бұны тарихшы-ғалым Х.М.Тұрсын өзiнiң «Алаш қозғалысының Оңтүстiк қанаты» атты еңбегiнде Дiнше Әдiловтiң 1928 жылы ОГПУ тергеушiсiне берген жауабынан алады. Онда «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың



П.Кунтең редакциясымен 1936 жылы жарық көрген «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бiрi болды. 1938 жылы тұтқындалғанға дейiн ҚР Ұлттық кiтапханасының сирек кездесетiн кiтаптар мен қолжазбалар бөлiмiнде ғылыми қызметкер, ориенталист қызметiн атқарып, сирек қорды толықтыру бағытында жұмыс жасайды.

1938 жылы Қоңырқожа тұтқындалып, 58 жасында өмiрден өтедi. Өмiрлiк зайыбы Латипа Қожықова жанына түскен жарадан жазыла алмаса да қиындыққа мойымай, балаларының бiлiм алуына жағдай жасап, тұлға дәрежесiне жеткiзiп қана қоймай, өз шығармашылығын да дамытып кеттi. Өзiнiң төрт ұлын халқы үшiн еңбек етуге, мәдениетi мен өнерiн ұғынып, оны кастерлеп шыңдауға үйретедi.

1957 жылы 23 желтоқсанда халық жауы деген жазадан толық ақталып шығады. Жалпы алғанда Қоңырқожа Қожықовтың тұлғалық тұрпаты, кiсiлiк келбетi азаматтық ұстанымы ұлтын сүйген әрбiр перзентке үлгi-өнеге болып қала бермек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ пен

## ҚОЖЫҚОВ КӨКЖИЕГІ



шакырылады. Осылайша алғашқы оқу орнындағы оқытушылар құрамында қызмет атқарады.

Тарихи атау ретiнде қалыптасқан Ақмешiт қаласының атын «Қызылорда» деп өзгертуге Қоңырқожа Қожықовтың түрткi болғанын көпшiлiк бiле бермейдi. Ел астанасының аты ұлттық мазмұн беруге ұмтылды. Қызылорда атауы бiр-бiрiне қарама-қарсы таптық және

Ендi оның қала атауындағы таңбасынан да арыйлаық» – деген дәлелдi алға тартады. Әйтсе де осы атаудың тарихи мөнiнде Қоңырқожа тағылымды тұжырым жасайды.

Белгiлi тарихшы ғалым, профессор Мәмбет Қойгелдi «Қоңырқожа Қожықовтың қызметi» туралы баяндамасында бұл тұжырымды нақтылай түскен.

үйiнде түскi ас iштiк. Съезд аяқталуға таяған едi. Сол кезде үкiмет көшiп келiп Ақмешiт қаласының атын өзгертуде мәселесi көтерiлген болатын. Жана астананы қалай атау жөнiнде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан неге? деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екi жақты да қанағаттандыруы тиiс екенiн айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кiнә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келiстiк. Сұлтанбек Қожанов съезд төралқасынан кезектен тыс сөз алып ұсыныс жасады. Бiрiншi ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек десе, екiншiсi Ақмешiт қаласын Қызылорда деп атау жөнiнде. Съезд екi ұсыныс да бiрауыздан қабылданды», – дейдi.

Қоңырқожа Қожықов бұдан бөлек елдiк жолда талай игi iс атқарған қайраткер. Соның бiрi Алматыдағы тұңғыш ұлттық мәдениет институты, өлке тану мұражайы мен өнер училищесiнiң ашылуына тiкелей ықпал жасаған еңбегiн айтуға болады. Сол уақытта ол Қорқыт ата кесенесiн, Қожа Ахмет Яссауи мазарын, Сауран, Отырар қалаларының орнын мемлекет қарауына алу туралы да бастаманы да бiрiншi болып көтерген. 1935 жылы «Жетiсудiң ежелгi ескерткiштерi» атты кiтабын шығарады. КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалында еңбек етiп жүрiп С.Асфендияров пен

Қызылорда қаласындағы Саяхат-5 көшесi ендi ғалым-ағартушы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетiнiң профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Базарбек Қашқынбаев есiмiмен аталатын болады.

ҒАЛЫМҒА  
КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Көшенiң ашылуына қала әкiмiнiң орынбасары Асқарбек Есжанов, ҚР Парламентi Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы және техника ғылымдарының докторы, Қызылорда қаласының «Құрметтi азаматы» Қылышбай Бисенов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетi ардагерлер кеңесiнiң төрағасы Қазыбай Құдайбергенов, және университет проректоры Жандос Базартай, профессор-оқытушылар, зиялы қауым өкiлдерi мен қала тұрғындары қатысты.

Базарбек Қашқынбайұлы елiмiзде жоғары бiлiмдi педагог-кадрлар даярлауға сүбелi үлес қосқан. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетiнiң профессоры, аймағымыздағы тұңғыш техника ғылымдарының кандидаты, ғалым, оқу-ағарту iсiнiң үздiгi.

Бiлiм саласында талантымен танылып, бiлiмдiлiгiмен зор беделге ие болған профессор 1962 жылы Қызылорда пединститутының «Теориялық физика» кафедрасына оқытушылық қызметке шақырылып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыса бастады. Ал 1967 жылы Уваров Шенченко атындағы Киев мемлекеттiк университетiнiң аспирантурасына оқуға түсiп, «Жоғары жиiлiктi электр тоғын

өндiретiн жаңа типтегi массивтi роторлы турбогенераторлардан электромагниттiк өрiстiң таралуын зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

Қызылорда педагогикалық институтында студенттерге терең бiлiм берiп қана қоймай, оқу орны партия комитетiнiң төрағасы, кафедра меңгерушiсi, сырттай оқу факультетiнiң деканы қызметтерiн абыроймен атқарды. Физика-математика факультетiнiң материалдық-техникалық базасын даңдатуға, физика бағыты бойынша лабораторияларды кешендi жасақтауға қомақты үлес қосты.

Ғалымның 16 оқу-әдiстемелiк құралы мен 60-қа жуық құнды мақаласы ғылыми журналдарда жарық көрдi. Университет жанынан ашылған Қазақ-түрiк лицейiнiң алғашқы директоры болып, лицейдiң дамуына айырықша еңбек сiңiрдi.

Сүбелi еңбегiнiң нәтижесiнде Базарбек Қашқынбайұлы КСРО оқу-ағарту iсiнiң үздiгi белгiсiмен, ҚР Бiлiм және ғылым министрлiгiнiң, Облыстық Кеңестiң құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагерi» медальдарымен марапатталды.

«Ақмешiт ақпарат»

## ТӨРiНДЕ ТЕРМЕ ТӨГiЛГЕН КЕНЖЕҚОЖА

Кенжеқожа Құлмырзаев 1898 жылы Сырдария ауданы Алмакесек ауылында дүниеге келiп, 1945 жылы Ташкент облысы Жанқожа ауданы, Шорабай ауылында өмiрден өттi. Тарих беттерiне үңiлсек, бұл кiсiнi жерлегенде НКВД-ның адамдары келiптi. Оларға iздеп жүрген адамы Кенжеқожа ақынның бүгiн дүниеден өткенiн, соны жерлегендерiн айтқан. Келген кiсiлер қабiрдi суретке түсiрiп, сол жерде акт жасап, куәгерлерге қол қойдырыпты. Сөйтiп оны қолға тiрiдей түсiре алмаған күiнi керi қайтқан деседi.

Ақын өнерiмен өлең-жыр айтып, көп жердi аралаған. Ол «Мың бiр түн» ертегiсiнiң 72 түнiнiң әнгiмесiн өлеңмен жырлаған. Бармакпен (1914-1915) және Кененмен айтысы 1936 жылы өтiп, олар бүгiнге дейiн сақталған. Олардан басқа «Қазақ пен қырғыздың айтысы», «Кенжеқожа мен Әбiлдiң айтысы» деп аталатын айтыстары жазбаша сақталмаған. Оның елге белгiлi «Ақындар», «Шың жүректiң белгiсi» атты термелерi бар.

Арманда кеткен арыстың бiрi – Кенжеқожа ақын туралы әзiрше бар тарихи деректер осыны айтады. Кенжеқожа Құлмырзаев Шаянға талай рет келген екен. Шаянда басталған Әбдулат би, Әбсамат дамылла мен Кенжеқожа ақын арасындағы достық одан әрi Шуда, Көкiрек-Көпсекте жалғасыпты. Онда 1-2 жылдай бiрге болып, бiрқатар елдi аралаған. Тарих беттерiнде Әбдулат бидiң «Тағдыр бiздi Кенжеқожамен кейiн де кездестiрдi. Одан соң бiз де Өзбекстанның оңтүстiк Жызақ, Самарканд, Бұхара жаққа ауып босқын болып бардық» деген жазбалары бар. Әбсамат 31 жаста Өзбекстанда аурудан қайтыс болған. Сол жақта Әбдулат би мен Кенжеқожа ақын кездесiп, бiр-бiрiмен табысқан. Осы хат сол кезде жазылған екен.

КЕНЖЕҚОЖАНЫҢ  
АМАНДАСУ ТЕРМЕСI

«Дүние-гүлдер – бақша бостандығы  
Ғанибат басымызды қосқандағы.  
Адам мен адам паркы бiрдей емес,  
Жер менен шек арасы аспандағы.  
Не түрлi абайласаң жiгiттер бар,  
Сапасы салба-шалыс Қашқардағы.  
Кеменгер келiсiмдi не ерлер бар.  
Айбынды ай мүйiздi қосқардағы.  
Бек шалыс белi жуан жомарттар бар,  
Қолтықтан сүйегендей асқандағы.  
Кiсiге жора-жолдас артық екен,  
Жүректiң жуып кiрiп қашқандағы.  
Көркейiп, көнi шiркiн көтерiлдi,  
Көңiлдес душарласып дос-жардағы.  
Көрген соң қант-құйрық қабырғамды,  
Шағымның шамы жапыр шаттанғаны,  
Құрметтi құла-жекжат болмасқа та,  
Халық елдiк қатар жатқан қаптадағы.  
Көресiм меңер жүздi қайта алып едi,  
Ауылдан ақынныңын аттанғаны.  
Аспанды екi жүздi ерлерiмсiн,  
Алтын сап, қымбат баһа аспалдағы.  
Сән түзген сарайыма сөзбеп болып,  
Жұрттың сымсаң раушаның, ей, машқалдағы.  
Бауырыңда ақша биiк еткен сайрап,  
Сiздер, ей, Гүһикап таудың асқарлары.



Кездесiп сұм дүниенiң керсiлерi,  
Қолаулап не жүйрiктер ақсандады.  
Қажымас қандай жорға десе де жұрт.  
Көрiнiп бопты бiздiе қаксалдары.  
Көрәктән неше түрi түсiп сауда  
Самайда ағармаған шаш қалмады.  
Ақынның қандай түрлi сөзi бар деп,  
Халқының батып отыр топтанғаны.  
Қайырдаш берi қарап тындар болсаң,  
Барымда базар айлап ап қалмағы.  
Көп айлар, көрмегелi көп жыл болды,  
Аман ба, қалың елдiң ат жалдары?  
Екiншi майда жiбек женгелерiм,  
Мастура май шатты мақналарым.  
Аршын тос, алма мойын, жазық маңдай,  
Жас келiн дәстi қымбат астардағы,  
Исi әтiр, мұрны иiсте, көзi нәркес,  
Аман ба, қыздар әлiп заттардағы?  
Жанданған заманымың жәуһәр жүзi,  
Сұраймыз, аман жүр ме, жас балалары?»  
Кенжеқожа ақынның әйелiнiң сұлулығы сонша бiр баласымен Ферғана, Ош жақта тұратын қырғыздар тартып алып қалған. Сол жерден Кенжеқожа өзi әрең қашып құтылса керек.

Оған Кенжеқожа ақынның Әбдулат биге жазған хаты айқын дәлел. Алайда ол хаттың Әбдулат бидiң қолына тиген-тимегенi анық белгiсiз. Бiрақ бұл екеуi де қуғын-сүргiн заманда Самарканд Бұхара жақта болғаны анық. Осы хаттың бiр көшiрмесi Шу жақтағы Убайдақожаға түскен екен. Убайда сол көшiрмеден көшiрме алып, оны Әбдулат бидiң туған немересi (қызы Зұлһаядан туған жиенi) Тәжiханқожа Тахирулына табыстаған.

Ал аманаттың иесi Әбдiразак Әбуатулына 1985 жылы қолма-қол тапсырды. Әбдiразак Әбуатулы 1986 жылы Шаянда қайтыс болды. Ал оның әкесi Әбдулат би (Шаянның ең соңғы биi) 1953 жылы наурыз айында Өзбекстанмен шекаралас Бiрiк ауылында (Келес ауданы, Қызыл Әскер жақта) дүниеден өттi.

Әбдiразак Әбуатулының жатқа айтуы бойынша Кенжеқожа шығарған ғазалнамасынан үзiндi келтiрейiк.

КЕНЖЕҚОЖА АҚЫННЫҢ  
ҒАЗАЛНАМАСЫ

«Он сегiз мың әлемнiң,  
Алла – бiр ғана панасы.  
Мұсылманның көңiлiнде,  
Алланың Хамду санасы.

Алланы екi деп айтар –  
Кәпiрлердiң жаласы,  
Иланбайды ақыл данасы.  
Бiрiнiң тiлiн бiрi алмай,  
Екi топқа бөлiнген,  
Адамзаттың баласы.  
Әлi күнге нанбайды,  
Келесi болып таласы.  
Өз нұрымен жаратқан  
Расул Алла Мұхаммед  
Құранменен бекiлген.  
Ислам – бiрдiң сарасы.  
Дiнге қуат бергiн деп  
Кенжеқожа ғарыптың  
Шығарған ғазалнамасы.  
Хамду сана Аллаға  
Бiр өзiндi жат қылдым.  
Топырақтан жаратып,  
Адамды ғәуһар зат қылды.  
Жетi күн тұрғызып жәннатта,  
Ғапылымн бидай жетiзiп,  
Есiгiң жәннат жаптырды!  
Шығарып дүние жүзiне  
Жалғанға берi қайтардың.  
Жүл айлап Хауамен,  
Ажыратып үш жүз жыл  
Екi көзiн жас қылды!  
Мәккәи-шәрiп жайында,  
Арафаттың тауында  
Қосып көңiлiн шат қылды!  
Тұқымның мың-мың сан қылып,  
Әбiлдi Қабыл өлтiрiп,  
Әулетi әзiз Адамға  
Нәлетi шайтан ноп қылдың,  
Топан суын қапталып,  
Нұхты суга ағыздың,  
Ибраһим Қалилге  
Намұрдты дұшпан қып,  
Зембiлмен отқа атқыздың!  
Өзiрет Iдiрiстi  
Тiрiдей кеткен пейiшке  
Үрден тағам таттырдың.  
Ысмағұлды құрбан қып,  
Көк қошқарды түсiрiп,  
Жанынан ара ап қалдың.  
Бiна қылып Ысқақты,  
Өзiретi Бибi Сараның  
Шарапатын жақтырдың».  
Кенжеқожа шығарған ғазалнамасынан Әбдiразак Әбуатулының жатқа айтуы бойынша келтiрiлген үзiндi осылайша хатқа түсiрiлген екен.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Жыл басынан бері қалада карантин талаптарын бұзған 256 нысан анықталған. Ал Қызылорда облысы соңғы бір айдан бері «қызыл аймақтан» шыға алмай тұр. Күн санап індет жұқтырғандар саны артып, ауру алқымнан алып жатса да тығылып той жасағандар азаймай тұр. Қала әкімдігі жанынан құрылған мобильді топ болса рейд жұмыстарын жүргізіп, әр мейрамхананы күзетумен әлек...

Қала әкімі Фанибек Қазантаевтың тапсырмасына сәйкес, мобильді топ кәсіпкерлік нысандар мен халық көп шоғырланатын орындарға күнделікті мониторингтік жұмыстарын жүргізуде. Эпидемиологиялық ахуалға байланысты карантин талаптарының сақталуын бақылау мақсатында қалада – 7, қалаға қарасты кент пен ауылдық округтерде – 9, барлығы – 16 мобильді топ бар.

Олар күн сайын рейд жүргізіп, тұрғындарға індеттің қауіптілігін түсіндіріп әлек. Әйтсе де қалада думандатып жиын-той жасағандар тыйылмай тұр. Арнайы топ күн сайын үш-төрт тойды анықтап, оларға айыппұл салады екен.

Мысалы, жыл басталғалы олар 5700-ге жуық нысанды аралаған. Соның ішінде 256 нысанның карантин



## ІНДЕТ АЛҚЫМНАН АЛСА ДА ТОЙ АЗАЯР ЕМЕС



талаптарын бұзғаны үшін құзырлы мекемелерге хабар жолдаған. Соның ішінде 85-інде шектеу шараларын өрескел бұзып, той жасағандар анықталған. Олардың 35-і үй жайында болса, қалған 50 заңбұзушылық кәдімгі тойханаларда тіркелген.

Қала әкімінің орынбасары, мониторинг топ жетекшісі Бектас Нуридинов тұрақты мониторинг жұмыстарын жүргізудегі негізгі міндет – қала тұрғындарына той-томалақтар өткізудің қауіптілігін түсіндіру, қоғамдық орындарда санитарлық талаптың сақталуын бақылау арқылы қауіпті індеттің таралуына тосқауыл болу екендігін айтады. Дегенмен жоғарыдағы көрсеткішке қарап кей тұрғындардың жауапсыздығын аңғаруға болады.

Бұл індеттің қауіпті екенін және одан қорғану үшін шектеу шараларын қатаң ұстану керектігін – уақыт дәлелдеп берді. Расымен індетті жеңуді мақсат етсек – шектеу шараларының шегінен шықпауымыз керек.

А.ЖАЙҚОНСУЛЫ

## ВАКЦИНАНЫҢ СЫРЫ МЕН ЖЫРЫ



Қазіргі кезде коронавируспен қарсы екпені жүкті әрі емізулі баласы бар әйелдер, соңғы алты ай ішінде коронавируспен ауырып шыққан адамдар вакцина салдырған жоқ. Сондай-ақ олардың қатарында кәмелет жасқа толмаған балалар да бар. Вакцина туралы әртүрлі пікір қалыптасты. Расында, вакцина салдырған адамдар түрлі жағдайға тап болып жүр. Мәселен, бірінде жеңіл өтсе, енді біріне кәдімгідей ауырғанын айтады. Сондықтан қарапайым халықтың шарадай басы шаққайды болды. Кімнің аузына қақпақ боласын. Бұл аурудың беті қайтпай, вакцинаның сыры мен жыры бітпейтін секілді.

Отандық QazVas екпесін жасауға атсалысқан вакцинолог-иммунолог ғалым Леспек Құтымбетовтың айтуынша, вакцина шаранаға еш зиянын тигізбейді. Себебі бұл вакцина жатырдың ішінде жатқан балаға өте алмайды. Ол тек қан құрамында, өкпе сияқты ағзаның басқа бөліктерінде болады да, иммунитеттің пайда болғанына әсерін тигізеді. Жүкті болуға, жүкті болғаннан кейін, жүкті болып жүрген кезде аяғы ауыр келіншектер одан еш қорықпай-ақ қойса болады.

Әлемдік ғалымдар әлемдік әбігерге салған бұл індеттен құтылудың бірден-бір жолы вакцина деп отыр. Бүгінде АҚШ пен Израильде «Pfizer» сынды вакцинаға қарсы вакцинаны жүктілік кезінде салып, зертеулер жүргізіп жатыр. Сонымен қатар Ресейде де «Спутник V» вакцинасын аяғы ауыр келіншектерге сала бастаған. Егер зерттелген вакциналар сынақтан сәтті өтіп, зиянсыз екені дәлелденсе бізге де рұқсат берілуі мүмкін. Әсіресе, дәрігерлер ЭКО әдісімен бала сүюге ниетті жандар сақтық үшін екпенің қос компонентін алдын ала салдырғаны жөн екенін баса айтады.

Ал әлемде балаларды вакциналау науқаны қалай жүріп жатыр? Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, бала екпе салдырамын десе рұқсат. Ата-ана қарсы болса да вакцина егіледі. Италия осындай қадамға барып отыр. Эстония вакциналауды сабақ басталысымен тура мектептің ішінде жүргізбек. Біріккен Араб Әмірліктері болса жасы 3-тен асқан бүлдіршіндерге де екпе егуге рұқсат берді. Мәселен, Украинада жеткіншектер вакцина салдыра алады. Ол жақта әзірге 5 баланың екпе қабылдағаны белгілі. Кейбірі мұны шетелге оқуға бару үшін жасатқан. Созылмалы ауруы бар бала да вакцина салдыртқан. Себебі мұндай жасөспірімдер коронавирус жұқтырса, ауру одан әрі асқынып кетуі мүмкін. Ата-аналары осыған алаңдап, алдын ала қамданған. Италияда екпе салдыру үшін ата-ананың рұқсаты қажеті емес. Шешімді баланың өзі қабылдайды. Боизтика жөніндегі ұлттық комитет осындай мәлімдеме жасады. Екпеге әке-шешесі қарсы болып, ал жеткіншектің өзі вакцина салдырамын десе, онда баланың шешіміне басымдық беріледі. Сөйтіп Аппенин түбегінде жасы 12-ден асқан тұрғындар екпе қабылдай алады. Шетелдік билік осылайша жаңа оқу жылының басына дейін балалардың біраз бөлігін екпемен қамтуды көздеп отыр. Эстония билігі де жаңа оқу жылына дейін ата-аналарға балаларын вакциналау науқанына белсендірек қатыстыруын сұрауда екен.

Қазіргі кезде балаларды вакциналау жағынан Германия жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Мұнда жасы 12-ден асқан кәмелетке толмаған әр бесінші азамат екпе алған. Бұл шамамен 900 мың бала. Әуелде оны тек нақты бір аурулары бар балаларға дәрігердің ұсынымы бойынша салған. Енді ол жасы 12-ден асқан кез келген азамат үшін қолжетімді.

– Біздің елімізде де 12 жастан бастап «Pfizer» вакцинасын қолдану ұсынылды. Біз 12 жастан асқандарды назарға алып отырмаз. Балалар жасына назар аударатын, олар вакцина салдыруға мүмкіндік алады. Тиісінше, азаматтар вакциналау керек пе, жоқ па – мұны өздері шешеді. Бірақ біз вакцина алуға шақырамыз. Өйткені вакцина көмектеседі. Өкінішке қарай, жаңа штамдар балаларға әсер етеді, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Цой.

Бүгінгі күннің басты мәселесі – жүкті келіншектер мен балаларға салынатын вакцинаның қауіпсіздігі болып тұр. Бұл ел арасында қатты талқыға түсеуде. Ата-аналардың басым көпшілігі баласына вакцина салдыруға алаңдайды. Дегенмен әлеуметтік желілерде белсенді ата-аналар балаларының денсаулығы үшін вакцина салдыруға келісетінін жарыса жазуда. Әлемдік тәжірибеге сүйеніп, вакцина салдырған дұрыс па? Сіз қалай ойлайсыз, қадірлі оқырман?

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

## COVID-19: Облыста 1129 науқас стационарда жатыр

23 тамыздағы дерек бойынша бір тәулікте вирус жұқтырған 124 жағдай тіркелсе, оның 85-і Қызылорда қаласынан анықталған. Жаңа жағдайдың 99-ы симптомды болса, 25 адам вирусты симптомсыз өткеруде.



Жалпы эпидемия басталған 2020 жылдан бері өңірде 14762 вирус жұқтыру дерегі тіркелген. Олардың басым бөлігі, яғни 9336 жағдай облыс орталығында анықталған. Қазіргі көрсеткіш бойынша олардың 81 проценті, яғни 11900-і жазылып шыққан.

Сондай-ақ сол күні коронавирусты инфекциядан жазылып шыққан 150 науқастың 108-і Қызылорда қаласынан. Жалпы саны 36895 азамат коронавирус инфекциясы анықталған науқастармен байланыста болған. Оның 34147-і тікелей қарым-қатынаста болса, қалғаны ықтимал қарым-қатынас деп бағаланған.

Соңғы дерек бойынша аймақтағы инфекциялық стационарда жалпы саны 1129 науқас ем қабылдап, жүктеме көрсеткіші 52 процентті құрады. Ал реанимациялық төсек-орында 91 науқас емделіп, жүктемесі 55 процентке жеткен.

22 тамызда облыс бойынша 432 тұрғын коронавируспен қарсы вакцинаның алғашқы компонентін салдырған. Осылайша I ақпан мен 22 тамыз аралығында екпені I компонентін 107218 қала тұрғыны, жалпы 251454 аймақ тұрғыны салдырған.

Сол күні вакцинаны қалада 102, облыс бойынша 335 адам толық, яғни II компонентін қабылдаған. Осылайша өңірде I ақпан мен 22 тамыз 197 292 адам вакцинаны толықтай, яғни II компонентін де салдырған.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары мемлекет тегін медициналық көмектің кепілді берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде және МӘМС пакеті бойынша жеткізушілер көрсеткен қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізуді жалғастыруда.

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫ СЫН КӨТЕРМЕЙ ТҰР

Биыл I жартыжылдықта халыққа медициналық көмек көрсету кезінде 33,3 мыңдай түрлі кемшілік анықталды, медициналық ұйымдарға салынған айыппұл сомасы 502 млн теңгеден асты.

«ТМККК және МӘМС пакеттері бойынша Қор жеткізушілері халыққа көрсеткен медициналық қызметтер үшін ақы төлеу осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асатын атап өткен жөн. Іс жүзінде көрсетілген және медициналық көмек көрсету стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, құжатпен расталған қызметтерге ақы төленеді», – деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Қор филиалының директоры түсіндіргендей, анықталған кемшіліктің ең көп саны жан басына шаққандағы нормативке кірмейтін, әрбір қызмет жеке төленетін консультациялық-диагностикалық қызметтерді көрсетумен байланысты. Жалпы құны 37 млн теңге болатын 26,3 мыңнан астам осындай ақау тіркелді. Сондай-ақ амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде 2231 ақау, тәулік бойы жұмыс істейтін көпбейінді стационарларда медициналық көмек көрсету кезінде 4125 кемшілік және ауылдық стационарларда 609 ақау анықталды.

Шағым немесе өтініш беру үшін 1406 телефонына немесе Qoldau – 24/7 мобильді қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

«Ақмешіт ақпарат»

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1224  
Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА